

Бүкілодақтық тау-кен геомеханикасы мен маркшейдер ісі ғылыми-зерттеу институтының қазақ филиалын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қазан 1992 ж. N 911

Бүкілодақтық тау-кен геомеханикасы мен маркшейдер ісі ғылыми-зерттеу институты (БГМҒЗИ) Россияның қарамағына өтуіне және Қазақстан аумағында тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындары үшін нормативті құжаттар мен технологиялық нұсқаулар әзірлей отырып, тау-кен геомеханикасы мен маркшейдер ісі бойынша көлемді ғылыми зерттеулер, арнайы жұмыстар жүргізу қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. БГМҒЗИ-ның Қазақ филиалы Қазақ тау-кен геомеханикасы және маркшейдер ісі ғылыми-зерттеу институты (ҚазГМҒЗИ) етіп қайта құрылсын және ол Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің құрамына енгізілсін.

ҚазГМҒЗИ-ның тұрақты орналасқан жері Қарағанды қаласы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне 2 ай мерзім ішінде осы институттың Ережесі (Жарғысы) мен құрылымын әзірлеу және бекіту тапсырылсын.

3. ҚазГМҒЗИ республикасының бүкіл аумағындағы барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша, оның ішінде республиканың Энергетика және отын ресурстары министрлігінің қарауына кірмейтін кәсіпорындар үшін де өз саласындағы жұмыстарды жүргізетін болып белгіленсін.

4. Институтты қаржыландыру тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарымен және ұйымдарымен тікелей жасасылған шарттар бойынша шаруашылық есеп негізінде, ал перспективалы және ұзақ мерзімді сипаттағы ғылыми-зерттеулер - кәсіпорындар мақсатты ғылыми зерттеулер үшін жасаған аударымдардың есебінен құралатын республика министрліктері мен ведомстволарының орталықтандырылған қорынан жүзеге асырылсын.

5. Институт қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу Қазақстан Республикасының "Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы" Заңына сәйкес контракті және шаруашылық есеп негізінде белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, тау-кен өнеркәсібінің компаниялары, корпорациялары мен концерндері, өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындары ҚазГМҒЗИ-ның ғылыми-техникалық және эксперименталдық база жасауына, кадрлармен толықтырылуына жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК